

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Германия Федеративтік Республикасына 2001 жылғы 1-3 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 ақпан N 253

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Германия Федеративтік Республикасына 2001 жылғы 1-3 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-герман ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Германия Федеративтік Республикасына 2001 жылғы 1-3 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 27 ақпандағы  
N 253 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
Германия Федеративтік Республикасына 2001 жылғы 1-3 қазандағы ресми  
сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске  
асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

P/c!      Іс-шара                      ! Орындау !      Орындалуына жауаптылар  
N !                                      ! мерзімі !

---

1 Мынадай құжаттардың:

Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Германия Федера. жылдың Қаржы полициясы агенттігі,  
тивтік Республикасының Үкіметі ішінде Қазақстан Республикасының  
арасында экономикалық қылмыс Мемлекеттік кіріс министрлігі  
пен салық заңнамаларын бұзу.

шылыққа қарсы күрес саласын.  
дағы ынтымақтастық пен ақпарат  
алмасу туралы келісім;

Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Германия Федера. жылдың Білім және ғылым министрлігі  
тивтік Республикасының Үкіметі ішінде  
арасында Қазақстанда бастауыш  
кәсіптік білім беру жүйесін  
реформалауға көмек көрсету  
және жұмыс тәжірибесін алмасу  
жөніндегі ынтымақтастық туралы  
келісім;

Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Германия Федера. жылдың Білім және ғылым министрлігі  
тивтік Республикасы Үкіметінің ішінде  
арасындағы ғылыми-техникалық  
ынтымақтастық туралы келісім;

Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының  
Германия Федеративтік Респуб. жылдың Мемлекеттік құпияларды  
ликасы Үкіметінің арасында ішінде қорғау жөніндегі агенттігі  
құпия құжаттарды сақтауды  
өзара қамтамасыз ету туралы  
келісім;

Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан Республикасының  
Статистика жөніндегі агенттігі жылдың Статистика жөніндегі  
мен Германия Федеративтік ішінде агенттігі  
Республикасының Федералдық  
Статистика басқармасы арасында  
статистика саласындағы ынты.

мақтастық туралы келісім  
жобаларын қол қоюға дайындау

- 2 Қазақстан-германия Сауда- 2002 Қазақстан Республикасының  
экономикалық ынтымақтастық жылдың Экономика және сауда  
жөніндегі үкіметаралық жұмыс 1 тоқсаны министрлігі (шақыру),  
тобына қазақстандық тараптың: Қазақстан Республикасының  
мұнай-газ және тау-кен сала. Энергетика және минералдық  
лары үшін машина жасау, ауыл ресурстар министрлігі,  
шаруашылығы, құрылыс пен Қазақстан Республикасының  
инфрақұрылыс (жолдар) және Көлік және коммуникациялар  
фармацевтика салаларындағы министрлігі,  
Ынтымақтастықтың кешенді Қазақстан Республикасының  
бағдарламасын әзірлеу Ауыл шаруашылығы министрлігі,  
жөніндегі ұсынысын беру Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі
- 3 "Г.Паппенбург" неміс компания. 2002 Қазақстан Республикасының  
сымен автожол инфрақұрылымын жылдың Көлік және коммуникациялар  
дамыту жөніндегі қазақстан- 1 тоқсаны министрлігі  
герман бірлескен компаниясымен  
құру мәселесін пысықтау
- 4 Қазақстанда немістердің тығыз 2002 Қазақстан Республикасының  
тұратын жерлерінде іске асыру жылдың Табиғи монополияларды  
үшін шағын бизнес саласында 1 тоқсаны реттеу, бәсекелестікті қорғау  
бірнеше пилоттық жобалар және шағын бизнесті қолдау  
әзірлеу жөніндегі агенттігі (шақыру),  
Қазақстан Республикасының  
Экономика және сауда  
министрлігі, Қазақстан  
Республикасының Мәдениет,  
ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігі,  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі,  
Қазақстан Республикасының  
тиісті облыстары мен  
қалаларының әкімшіліктері

- 5 Герман тарапына шағын бизнес 2002 Қазақстан Республикасының саласында Қазақстан Республи. жылдың Табиғи монополияларды қасының заңнамасында бар 1 тоқсаны реттеу, бәсекелестік қорғау жеңілдіктер мен преференция. және шағын бизнесті қолдау лар туралы толық ақпарат беру жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 6 Астана қаласының әкімі мен 2002 Астана қаласының әкімі Берлин қаласының Басқарушы жылдың (шақыру), Қазақстан бургомистрінің ынтымақтас. 1 тоқсаны Республикасының Мәдениет, тық туралы қол қойылған ақпарат және қоғамдық Бірлескен мәлідемесі келісім министрлігі, негізінде герман тарапы Қазақстан Республикасының үшін Астана қаласының Білім және ғылым министрлігі объектілерін, оның ішінде мәдени-сауықтыру мақсатындағы объектілерді дамыту жөніндегі нақты инвестициялық жобалар әзірлеу
- 7 Өзара да қолайлы шешімдер 2002 Қазақстан Республикасының негізінде "Қазгермұнай" жылдың Энергетика және минералдық біріккен кәсіпорын қызметі. 1 тоқсаны ресурстар министрлігі нің барлық аспектілерін (шақыру), Қазақстан қарауды және келісуді Республикасының Қаржы аяқтау министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)
- 8 Мыналарды: 2002 Қазақстан Республикасының Қазақстанда тұратын неміс. жылдың Мәдениет, ақпарат және қоғам. терді қолдау бойынша, олар. 1 тоқсаны дық келісім министрлігі дың әлеуметтік-экономика. (шақыру), Қазақстан Республи. лық және мәдени-гуманитар. қасының Экономика және сауда лық салаларда дамуына министрлігі, Қазақстан

жәрдемдесуге бағытталған  
іс-шаралар жоспарын;

Республикасының Еңбек  
және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

Мәдени ынтымақтастық мәсе. 2002 Қазақстан Республикасының  
лелері бойынша қазақстан- жылдың Мәдениет, ақпарат және  
герман аралас комиссиясы. 1 тоқсаны қоғамдық келісім министрлігі  
ның үшінші мәжілісі барысын.  
да қол жеткізілген уағда.  
ластықтарды іске асыру  
жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

Қазақстан-Герман сауда-эко. 2002 Қазақстан Республикасының  
номикалық ынтымақтастығы жылдың Экономика және сауда  
жөніндегі үкіметаралық жұмыс 1 тоқсаны министрлігі  
тобының төртінші мәжілісі  
барысында қол жеткізілген  
уағдаластықтарды іске асыру  
жөніндегі іс-шаралар жоспарын  
жеделдете қабылдау

## 9 Мыналарды:

Қазақстан Республикасының және тұрақты Қазақстан Республикасының  
Германия Федеративтік Респуб. Қорғаныс министрлігі,  
ликасының Қорғаныс министрлік. Қазақстан Республикасының  
тері арасында Әскери саладағы Сыртқы істер министрлігі  
ынтымақтастық туралы келісімнің  
ережелерін іске асыруды;

Германия Федеративтік  
Республикасының Қорғаныс министр.  
лігімен және Сыртқы істер министр.  
лігімен, қазақстан офицерлерін  
Германия Федеративтік Республика.  
сында тағылымдамадан өткізу  
үшін квотаны кеңейту туралы  
мәселені пысықтауды;

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі мен неміс "ЕАДС"  
концерні арасындағы әуе шабуылына

қарсы қорғаныс жүйесін, авиатехника мен қарапайым қару жарақтарды сатып алу мәселелері бойынша келіссөздерге жәрдемдесуді;

Германия Федеративтік Республикасы Қорғаныс министрлігінің көмегімен Қазақстанда тауда-атқыштар бөлімшелерін даярлау жөніндегі оқу орталықтарын құру туралы мәселені жылжытуды қамтамасыз ету

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.